

Бюджеттік ұйымдардың "Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамы көрсеткен байланыс қызметі үшін несиелік берешектерін есептен шығару туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 8 қазандағы N 1425

Қазақстан Республикасының Үкіметі "DAEWOO" корпорациясы арасындағы "Қазақтелеком" ашық қоғамының акцияларын сатып алу-сату туралы келісімдерді жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Бюджеттік ұйымдардың оларға "Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамы көрсеткен байланыс қызметі үшін берешектері бойынша есептен шығаруға жататын сомалардың шекті мөлшері 1 және 2-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар "Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамының бөлімшелерімен 1997 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша байланыс қызметі үшін берешектердің мөлшері туралы тексеру актілерін және 3-қосымшаға сәйкес өз баланстарынан берешектерді шығару туралы келісімдерді рәсімдесін. Республикалық бюджеттік ұйымдар бойынша келісімнің бір данасы бағыныстылығына қарай - орталық мемлекеттік органға, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын бюджеттік ұйымдар бойынша - облыстық қаржы басқармасына жіберіледі.

3. Орталық және жергілікті атқарушы органдар аталған жұмысты жүргізуді ұйымдастырсын және ол аяқталғаннан кейін 1997 жылдың 15 қазанынан кешіктірмей Қаржы министрлігіне жиынтық деректерді тапсырсын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жүргізілген тексеру актілерінің негізінде 1 және 2-қосымшаларда көрсетілген берешектердің мөлшерін анықтасын.

5. 1997 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша мемлекеттік бюджетте тұрған ұйымдардың балансында есептелетін, "Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамы алдындағы несиелік берешектерін 1997 жылғы 1 маусымдағы байланыс қызметі бойынша берешектерді өтеу туралы келісімнің негізінде есептен шығаруға рұқсат етілсін.

6. "Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамына 1997 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша бюджеттік ұйымдардың дебиторлық берешектерін 40 (қырық) млн. АҚШ долларынан аспайтын баламда, осы сомаға салық салынатын кірісті және ол бойынша есептелетін салық пен басқа да міндетті төлемдерді азайта отырып, 1997 жылдың салық салынатын кірісі

шегінде есептен шығаруға рұқсат етілсін.

<*>

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1997.12.18. N 1782
қаулысымен.

P971782_

7. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау
комитеті аталған берешектердің есептен шығарылуына бақылау жасасын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 8 қазандағы
N 1425 қаулысына
1-қосымша

Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдардың
"Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамы ұйымдарының
алдындағы берешектері

N р/с	Ұйымдардың атауы теңге	Сомасы, мың
1.	Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық Басқармасы	47 005
2.	Ішкі істер министрлігі	118 705
3.	Денсаулық сақтау министрлігі	4 370
4.	Сыртқы істер министрлігі	21 365
5.	Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы	11 350
6.	Қорғаныс министрлігі	398 595
7.	Білім және мәдениет министрлігі	19 655
8.	Ауыл шаруашылығы министрлігі	16 770
9.	Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	1 330
10.	Көлік және коммуникациялар министрлігі	7 990
11.	Қаржы министрлігі	65 625
12.	Экология және биоресурстар министрлігі	42 700

13. Экономика және сауда министрлігі	12 355	
14. Энергетика және табиғи ресурстар министрлігі	990	
15. Әділет министрлігі	23 530	
16. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті	325	
17. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті	45 575	
18. Мемлекеттік тергеу комитеті	64 865	
19. Мемлекеттік кеден комитеті	5 035	
20. Ұлттық қауіпсіздік комитеті	73 885	
21. Республикалық бюджеттің атқарылуына бақылау жасау жөніндегі есеп комитеті	260	
22. Бас прокуратура	51 225	
23. Орталық архив	130	
24. Жоғары және орталық мемлекеттік органдарды Ақмола қаласына көшіру жөніндегі мемлекеттік комитет	85	
25. Ішкі істер министрлігінің ГУИС бас басқармасы	5 220	
26. Ішкі әскерлер бас басқармасы	23 105	
27. Қазақ мемлекеттік ақпарат агенттігі	270	
28. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі	60	
29. Қ.А.Иассауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті	75	
30. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті	615	
31. Қазақстан Менеджмент, Экономика және Болжамдау институты	710	
32. Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан Стратегиялық зерттеу институты	10	
33. Қайта даярлау және біліктілікті арттыру институты	30	
34. "Қазақстан теледидары мен радиосы" корпорациясы	14 020	
35. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы	35	
36. Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі Ұлттық агенттігі	590	

37. Республикалық ұлан	1 130
38. Қазақстан Республикасы Президентінің күзет қызметі	159 760
39. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің республикалық мемлекеттік өндірістік-пайдалану бірлестігі	13 005
40. Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің Шаруашылық Басқармасы	5
41. Қазақстан Республикасының Президенті Іс Басқармасының Медициналық орталығы	10
42. Мемлекеттік радио-теледидар бағдарламаларын тарату	735 340
43. Жеңілдіктер беру мен байланыс қызметін көрсетуге байланысты шығындарды өтеу	243 570
Жиыны	2 231 280

Қазақстан Республикасы
 Үкіметінің
 1997 жылғы 8 қазандағы
 N 1425 қаулысына
 2-қосымша

Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын бюджеттік ұйымдардың
 "Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамы ұйымдарының
 алдындағы берешектері

Облыстардың атауы	Сомасы, мың теңге
Ақмола	51920
Ақтөбе	25045
Алматы	51365
Атырау	15050
Шығыс Қазақстан	37715
Жамбыл	33735
Батыс Қазақстан	38590
Қарағанды	96025

Қызылорда	11740
Қостанай	142835
Маңғыстау	21710
Солтүстік Қазақстан	89130
Павлодар	76210
Оңтүстік Қазақстан	48055
Алматы қаласы	51595
Жиыны	790720

Қазақстан Республикасы
 Үкіметінің
 1997 жылғы 8 қазандағы
 N 1425 қаулысына
 3-қосымша

1997 жылғы 1 маусымдағы байланыс қызметі
 бойынша берешектерді өтеу туралы
 КЕЛІСІМ

(борышкер-бюджеттік ұйымның атауы және оның тұрған орны,
 облыс, қала, аудан)

(министрліктің, ведомствоның атауы)

(беруші-ұйымның атауы және оның тұрған орны, облыс,
 қала, аудан)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 ж. " ____ " _____
 N _____ қаулысының негізінде мыналар туралы келісім жасалды:
 Осы келісім _____

(борышкер-бюджеттік ұйымның атауы)

берешегін өтеуге, ал _____
 (беруші-ұйымның атауы)

1997 жылдың 1 маусымындағы баланста саналатын
 _____ мөлшеріндегі байланыс қызметі
 (цифрмен, жазумен)

үшін берешек сомасын өндіріп алмауға міндеттенеді.

Келісім _____ 821 "Жалпы әкімшілік шығыстар"

(беруші ұйымның атауы)

шотының Дебет бойынша және 301 "Алуға арналған шоттар" шотының Несиесі бойынша кірісті азайтуға дебиторлық берешекті есептен шығару жөніндегі бухгалтерлік жазба жүргізу үшін негіздеме болып табылады. Алынбаған қосылған құнға салық сомасына 301 "Алуға арналған шоттар" шотының Дебеті және 633 " Қосылған құнға салық" шотының несиесі бойынша қайтарымдылық жазбасы жүргізіледі.

Күмән келтіретін қарыздар бойынша құрылған резерв болған кезде дебиторлық берешек осы резервтің есебінен 311 "Күмәнді қарыздар жөніндегі резерв" шотының Дебеті және 301 "Алуға арналған шоттар" шотының Несиесі және _____
_____ несиелік өткен

(берешек-ұйымның атауы) жылдардың берешегі 178 "Басқа да дебиторлармен есептесулер" субшотының Дебеті және 230 "Мекеменің және басқа шараларға арналған шығыстарды бюджеттен қаржыландыру" субшоты" Несиесі бойынша немесе 140 "Мекеменің және басқа шараларға арналған шығыстарды бюджеттен қаржыландыру жөніндегі есептесулер" субшоты бойынша, ал 1997 жылдың 1

қаңтарынан бастап 1997 жылдың 31 мамырына дейін 178 "Басқа да дебиторлармен есептесу" субшоты Дебеті бойынша және 200 "Мекемені ұстауға және басқа шараларға арналған бюджет бойынша шығыстар" субшот Несиесі бойынша пайда болған берешектер осы резервтің есебінен есептен шығарылады.

Осы келісімге көрсетілген байланыс қызметі үшін берешектер мөлшері туралы _____ бет тексеру актілері қоса беріледі.

Бюджеттік ұйымның
Қолдары

Беруші-ұйымның
Қолдары

Реквизиттер
М.О.

Реквизиттер
М.О.

Даналарды бөлу:

1-жоғарғы ұйымға (министрлікке, ведомствода)

2-бюджеттік борышкер-ұйымға

3-беруші-ұйымға

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК